## "2015 - 2019 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1418 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 231 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 78 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.02.2023 № 78 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "2015 - 2019 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1418 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін.

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Индустрияландыру картасы туралы"

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Қоса беріліп отырған индустрияландыру картасы бекітілсін.

2. Жауапты мемлекеттік органдар мен ұлттық холдингтер ай сайынғы негізде, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне жобалардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген индустрияландыру картасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *Б.Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 231 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1418 қаулысымен бекітілген

## Индустрияландыру картасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|

| Р/с № | Жобаның атауы | Жауапты мемлекеттік орган және/ немесе ұлттық холдинг | Өңір | Жобаға өтініш беруші | Іске асыру мерзімі*/ жобаның статусы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Болат өндірісін жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайту | ИДМ | Қарағанды облысы | "Арселор Миттал Теміртау" АҚ | 2010 – 2018 жылдар |
| 2. | Бозшакөл КБК-сін салу | ИДМ | Павлодар облысы | "Kazakhmys Bozshakol (Қазақмыс Бозшакөл)" ЖШС | 2010 – 2015 жылдар |
| 3. | Ақтоғай КБК-сін салу | ИДМ | Шығыс Қазақстан облысы | "KAZ Minerals Aktogay (КАЗ Минералз Ақтоғай)" ЖШС | 2011 – 2017 жылдар |
| 4. | Рельсті арқалық зауытын салу | ИДМ, Ақтөбе облысының әкімі | Ақтөбе облысы | "Ақтөбе рельсті арқалық зауыты " ЖШС | 2012 – 2015 жылдар |
| 5. | Өскемен қаласында толық циклді автозауыт және автоқұрамдауыштар шығаратын технопарк салу | ИДМ | Шығыс Қазақстан облысы | "АЗИЯ АВТО Қазақстан" АҚ | 2010 – 2018 жылдар |
| 6. | Минералды тыңайтқыштар өндіретін зауыт салу | ИДМ | Жамбыл облысы | " ЕвроХим-Тыңайтқыш" ЖШС | 2011 – 2018 жылдар |
| 7. | Қызылорда қаласында қуаты жылына 197,1 мың тонна табақты шыны өндіретін және өңдейтін зауыт салу | ИДМ | Қызылорда облысы | "Қазақстанның инвестициялық қоры" АҚ | 2013 – 2017 жылдар |
| 8. | Атырау МӨЗ-ін реконструкциялау және жаңғырту (мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенін салу) | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша) | Атырау облысы | "Атырау МӨЗ" ЖШС | 2010 – 2016 жылдар |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. | Интеграцияланған газ-химия кешенін салу ( бірінші фаза) | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Атырау облысы | "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc" ЖШС "АЛМЭКС ПЛЮС фирмасы" ЖШС | 2010 – 2018 жылдар |
| 10. | Интеграцияланған газ-химия кешенін салу ( екінші фаза) | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Атырау облысы | "KLPE" ЖШС | 2010 – 2019 жылдар |
| 11. | Экологиялық класы К5 мотор отынының өндірісі | ЭМ | Батыс Қазақстан облысы | "Конденсат" АҚ | 2012 – 2016 жылдар |
| 12. | Павлодар МХЗ-сын жаңғырту | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Павлодар облысы | "Павлодар мұнай-химия зауыты" АҚ | 2010 – 2017 жылдар |
| 13. | Шымкент МӨЗ-ін реконструкциялау және жаңғырту | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Оңтүстік Қазақстан облысы | "ПетроКазахстан ойл Продактс" ЖШС | 2010 – 2018 жылдар |
| 14. | "Шалқия" полиметалл кен орны базасында КБК салу | ИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Қызылорда облысы | "Тау-Кен Самұрық" ҰТК" АҚ | 2014 – 2019 жылдар |
| 15. | "Масальское" темір кен орны базасында тау-кен металлургиялық кешенін салу | ИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Ақмола облысы | "Масальский КБК" ЖШС | 2015 – 2021 жылдар |
| 16. | Қарағанды кешенді құйма зауытын салу | ИДМ | Қарағанды облысы | "Қарағанды кешенді құйма зауыты" ЖШС | 2011 – 2018 жылдар |
| 17. | Темір жолға арналған дөңгелектер шығару кешені | ИДМ | Павлодар облысы | "Проммашкомплект" ЖШС | 2014 – 2017 жылдар |
| 18. | Үшхлорлы фосфор және глифосат өндірісі | ИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( келісім бойынша ) | Жамбыл облысы | "Біріккен химия компаниясы" ЖШС | 2014 – 2018 жылдар |
| | Минералды тыңайтқыштар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19. | өндіретін зауытты жаңғырту (2-кезең) | ИДМ | Маңғыстау облысы | "ҚазАзот" ЖШС | 2015 – 2019 жылдар |
| 20. | Минералды тыңайтқыштар өндіретін зауытты жаңғырту | ИДМ | Жамбыл облысы | "Қазфосфат" ЖШС | 2015 – 2020 жылдар |
| 21. | Кальцилендірілген сода өндіретін зауыт салу | ИДМ | Қызылорда облысы | "АралСода" ЖШС | 2015 – 2019 жылдар |
| 22. | Үлкен диаметрлі дәнекерленген болат құбырларын шығаратын зауыт салу | ИДМ | Алматы қаласы | "Эйжа Стил Пайп Корпорейшн" АҚ | 2015 – 2018 жылдар |
| 23. | Тазартылған ферроқорытпа өндірісін құру | ИДМ | Павлодар облысы | "Қазхром" трансұлттық компаниясы" АҚ | перспективалық |
| 24. | Металданған өнімдер өндіретін зауыт салу | ИДМ | Қостанай облысы | "Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі" АҚ | перспективалық |
| 25. | Никель өнімдерін (никель штейні, перспективада тауарлық ферроникель де) өндіретін металлургиялық комбинат салу | ИДМ | Шығыс Қазақстан облысы | "SAT & Nikel" АҚ | перспективалық |
| 26. | Бутадиен және синтетикалық каучук өндірісі | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша) | Атырау облысы | "Біріккен химия компаниясы" ЖШС | перспективалық |
| 27. | Қарашығанақ және Қашаған кен орындары шикізаттарының базасында мұнай-химия өндірісін ұйымдастыру | ЭМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша) | Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы | "Біріккен химия компаниясы" ЖШС | перспективалық |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 28. | Калий сульфаты өндірісі | ИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша) | Жамбыл облысы | "Біріккен химия компаниясы" ЖШС | перспективалық |

* іске асырылуы республикалық бюджеттен қаражат бөлуге де байланысты жобалар бойынша іске асыру мерзімдері тиісті кезеңдерге арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат көлеміне байланысты нақтыланатын болады

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

ЭМ - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ - "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы

"Тау-Кен Самұрық" ҰТК" АҚ - "Тау-Кен Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы" акционерлік қоғамы

МӨЗ - мұнай өңдеу зауыты

МХЗ - мұнай-химия зауыты

АҚ - акционерлік қоғам

ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК